

# ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗЕҢІ

Мақсатымыз – білім алу,  
Міндетіміз - еңбек ету,  
Еңбек ету арқылы  
«5» - ке қол жеткізу.





# ОҚУШЫЛАРДЫ ТОПҚА





“Шыбын”

“Ара”



“Көбелек”



“Маса”



# ҮЙ ТАПСЫРМАСЫН ТЕКСЕРУ

1. Адырбек Сопыбеков кім?
2. Мысал-өлеңде не жайлы айтылған?
3. Өлеңнің мысалға жататынын неден аңғаруға болады?
4. Парта Сапарға неге ренжіді?
5. Қалай ойлайсың, Сапар өз кінәсін мойындады ма? Өлеңнің қай шумағынын аңғардың?


The background is a vibrant, cartoon-style illustration of a garden. At the top right, a bright yellow sun with a smiling face and radiating rays is visible. Several colorful butterflies in shades of blue, red, and purple are scattered across the sky. In the foreground, there are various flowers, including a large yellow one on the left and a purple one on the right. At the bottom, a variety of insects like ants, beetles, and bees are depicted in a grassy field. The overall scene is bright and cheerful.

**Жаңа сабак**

**Жұмбақ шешу**

**Ас көрсе – ақ жалайды,  
Содан ауру тарайды**



A vibrant, cartoon-style illustration of a garden. The background is a light blue sky with a smiling yellow sun in the top right. Various butterflies in different colors (purple, red, blue, black with pink and green spots) are scattered throughout. In the foreground, there are green grass, yellow flowers, and several insects including ants, a ladybug, and a bee. A small wooden house with a chimney is visible in the bottom right corner.

Көлбең - көлбең етеді,  
Гүлден ұшып жетеді.  
Гүл шырынын сорады,  
Соған риза болады






# ШЫБЫН МЕН КӨБЕЛЕК

Сейітқұл  
Оспанов





**Білімділік:** Мысалды түсініп оқып, ондағы негізгі ойды анықтауға және мазмұны бойынша қорытынды пікір айтуға үйрету. Мысалдың негізгі идеясын ашу.

**Дамытушылық:** Шығарманың мағынасы мен мәнін, автордың ойы мен мысалдың тәрбиелік ұстанымын айырып, өзіндік ой түйю, өз ұстанымы мен көзқарасын еркін, ашық, анық айта білу дағдыларын дамыту.

**Тәрбиелік:** Өзін тыңдатып, өзгені тыңдай білуге, әбес жат қылықтардан аулақ болуға, өзгені сыйлап, сол арқылы өзін сыйлата білуге адамгершілік қасиеттерді бойына тоғыстыра білуге тәрбиелеу.



## **ОСПАНОВ СЕЙІТҚҰЛ (1955–2003)**

**30 наурызда Қызылорда облысының Қазалы қаласында дүниеге келді.**

**1977 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірді. «Жалын», «Мектеп» баспаларында, «Пионер», «Зерде», «Парасат» журналдарында, «Жетісу» газетінде жұмыс істеді. 1994–2003 жж. Қазақстан Республикасы Үкіметінің аппаратында аударма секторын басқарды. «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясында қызмет етті. «Бәйге», «Ащы қауын, тәтті қауын», «Күн көтерілген шақ» атты жыр жинақтары мен «Ағаш ат», «Бақытты үй», «Самый сладкий день», «Құлдар көтерілісі» атты проза кітаптарының авторы.**



Көбелектердің екі жұп қанаттары болады, олардың беттерін ұлпа қабыршақ басып жатады. Бұл қабыршақтар көбелектің қанаттарын алуан түске құбылтып тұрады. Қабыршақтарының құрылысы, ондағы пигмент түсі әрбір топта әр түрлі болады.

Қанаттары бір-бірімен ілмек арқылы жалғасады.

Нәзік жанды бунақ денелілер 1 ақ күн өмір сүреді.

Арасындағы ең мықтысы 2 күнге дейін шыдаса, рекорд болып саналмақ.

— Алайда, сол 2 күннің ішінде, қолынан келгенше өз жұмысын шебер түрде атқарады. Яғни, мыңдаған гүлдерді тозаңдандырып, болашақ гүлдердің тағдырына тікелей қатысы бар екен.

Бір күнде 1000 тұқымдай тастай алады.

— Тұқымнан құртқа, құрттан қуыршаққа айналады.





Шыбын, қысқамұрттылар – қосқанаттылардың бір отряд тармағы. Жер шарында кең тараған. Бұлардың мұртшалары қысқа, үш бунақты. Денелері жуан, дернәсілдерінің басы, аяқтары болмайды, құрт тәрізді. Қуыршақтары жалған піллә ішінде жатады. Ересек жәндік қуыршақ қабын түзу тігіс бойымен жарып немесе қуыршақ қабының үстіңгі жағындағы дөңгелек қақпақша арқылы сыртқа шығады.

Шыбын — көптеген жұқпалы ауруларды — дизентерия, асқазан сүзегін, полиомиелитті және басқа қоздырғыштардың таралуына себеп болады; сондай-ақ олар ішек-қарын құрттарының жұмыртқаларын да таратады. Үйдегі шыбын жыл бойына өсіп-өнгіш келеді. Шыбынға қарсы күрестің ең басты шарты — тазалық.

**Ой қозғау:  
шыбын мен  
көбелек туралы  
не білесіңдер?**





# Оқулықпен жұмыс



# Сергіту сәті







## Сөздікпен жұмыс

Көз шырымын алу - ұйықтау

Қауыз – ашылайын деп тұрған гүл  
басының жұқа қабы

Жұқсыз – сүйкімсіз, жек көрінішті

Сұғанақ – ұры

Сапалақ – шыбын қорығыш құрал

Шылғи өтірік- мүлде өтірік



## Кім мықты? Сайысы

**1 - топ.** Шыбын туралы өлең жолдарын құрастыру

**2 - топ.** Көбелек туралы өлең жолдарын құрастыру

**3 - топ.** Шыбынды сипаттау, мінездеме беру. Пайдасы мен зияны туралы айту.

**4-топ.** Шыбынды сипаттау, мінездеме беру. Пайдасы мен зияны туралы айту.

# Бағалау



# Үйге тапсырма

67-69 бет оқу. Шыбын мен көбелек туралы презентация дайындау